

Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына 2007 жылғы 6 қазандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт үйіміна мүше мемлекеттердің күкірткішінде орналасқан орталық органдарды мен арнайы қызметтерін жарақтандыру үшін арнайы техника мен арнайы құралдарды жеткізу деген мәселелерге арналған туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы екінші хаттамаға қол қою туралы ұсыныс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 1319 қаулысы

# Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына 2007 жылғы 6 қазандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің құқық қорғау органдары мен арнайы қызметтерін жарактандыру үшін арнайы техника мен арнайы құралдарды жеткізудің жеңілдікті шарттары туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы екінші хаттамаға қол қою туралы ұсыныс енгізілсін.

Казакстан

## Республикасының

Прем'єр-Міністр

K. Məsimov

# Жоба

2007 жылғы 6 қазандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт үйіміна  
мүше мемлекеттердің күкүйк қорғау органдары мен арнайы  
қызметтерін жарақтандыру үшін арнайы техника мен арнайы  
құралдарды жеткізудің женілдікті шарттары туралы келісімге  
өзгерістер енгізу туралы екінші хаттама

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт үйіміна мүшем емлекеттер,

Тараптардың құтқару бөлімшелерін жараптандыру үшін жеткізудің жеңілдікті шарттарын жасауға мүдделілікті ескере отырып,

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт үйімі Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің «Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт үйіміна мүше мемлекеттердің төтенше жағдайларға ұжымдық ден қою жүйесін дамытудың негізгі бағыттары туралы» 2012 жылғы 19 желтоқсандағы шешімін негізге ала отырып,

2007 жылғы 6 қазандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт үйіміна мүше мемлекеттердің құқық қорғау органдары мен арнайы қызметтерін жарақтандыру үшін арнайы техника мен арнайы құралдарды жеткізудің жеңілдікті шарттары туралы келісімнің (бұдан әрі – Келісім) 15-бабын басшылыққа ала отырып, мыналар туралы келісті:

## **1-бап**

Келісімнің 1-бабына мына өзгерістер енгізілсін:

1) үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«арнайы қызметтер – Тараптардың ұлттық заңнамасына сәйкес барлау, қарсы барлау қызметін жүзеге асыруға; мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында функцияларды жүзеге асыруға; төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою бойынша міндеттерді шешуге арналған мемлекеттік органдар;»;

2) төртінші абзац «жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етудің техникалық құралдары,» деген сөздерден кейін «авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге арналған құралдар,» деген сөздермен толықтырылсын.

## **2-бап**

Осы Хаттама Келісімнің 14-бабында көзделген тәртіппен күшіне енеді.

\_\_\_\_\_ жылғы «\_\_\_» \_\_\_\_\_ қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды. Осы Хаттаманың төлнұсқа данасы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Хатшылығында сақталады, ол осы Хаттамаға қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

*Армения Республикасы үшін*

*Беларусь Республикасы үшін*

*Қазақстан Республикасы үшін*

*Қырғыз Республикасы үшін*

*Ресей Федерациясы үшін*

*Тәжікстан Республикасы үшін*